

ISSN 1811-1831

# ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ



1'2010

# ПМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ПГУ

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Ж.А.Темербаева**

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды заман талабына сай енгізу білім берушілердің парызы болып саналады. Осыған

орай, студенттерді кредиттік оқу жүйесіндегі модульдік технология арқылы оқыту дидактикасын жасаудың маңызы өте зор. Білімденуде дидактиканы жетік меңгерген жеке тұлғаның ой-санасы қоғамдық талаптар деңгейінде іс-қимыл көрсетіп, қиындықтар мен бөгеттерден өтуде біліктілік пен табандылықтың үлгісін танытады. Мемлекет көздеген тактика мен стратегиясына инновациялық технологиямен білім беру мазмұны мен оқыту жолын айқындайтын, ұғымды нәтижеге жедел қол жеткізетін тиімді әдістеме түбегейлі, толыққанды зерттелмеген, жоқтың қасы.

Инженерлік сызбаны оқыту мәселелерін зерттеу отандық педагогиканың оқыту әдістемелік жүйесін дамытады. Инженерлік сызбаны инновациялық технологиямен оқыту, оны дамыту мен шындық оқыту жүйесінің салықалы, салмақты болуына айтарлықтай нәр болып, тұлғаны тәрбиелейді. Оқытудың жаңа технологиясын ендіру және білімдегі ақпараттану білім беру жүйесін түбегейлі өзгертудің басым міндеттері болып табылады. Бұдан білім беру үдерісінің маңызды екі құрамдас бөлігі болып табылатын оқыту технологиясы мен білім беру ақпаратын бейнелеу түрлерін түбегейлі өзгерту уақыптың талабы болып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарында кредиттік жүйеге ауысудың бейімделу үдерісі өтуде.

Сондықтан жоғары оқу орнының бейімделу потенциалы мен дайындық бағдарламасын көгеру үшін академиялық және ұйымдастырушылық құрылымдардың өзгерістерін жасау, оқыту технологиясы мен әдістерін жаңарту, педагогикалық үдерісті жетілдіру, педагогикалық құрамның сапасын жақсарту қажет болды. Кредиттік оқу технологиясы, оның ішінде модульдік технология студенттердің, оқытушылардың, мамандардың академиялық алмасуына қажетті шарттарды жүзеге асыратын бірыңғай өзара сынақтың халықаралық жүйесін құру мақсатында ұлттық білім беру жүйесін реформалаудан тұратын әлемдік беталыстан туып отыр. Оқытудың бұл технологиясы дидактикалық үдерісті жүзеге асырудың нелер бір ұтымды амал-тәсілдерін іске асыратынына дәлелді пікір білдіреді. Кредитті технологияны іске асырудың мүмкіндігі – стандартқа жүгінген оқулықтардың модульдік технология жүйесіне бағыну заңдылығы. Бұл заңдылық оқулықтағы модульге жіктелген нысаналардың теориялық негізінің тәжірибедегі көрінісін үйлесіммен берілуіне қолайлы жағдай туғызады. Кредиттік технологияның іс-әрекеті өнімді нәтижеге жетуі үшін модульдік технологияны ұтымды пайдалану көзделеді. Соңғы жылдары ғылыми-техникалық игерілушілік жедел қарқынмен қарыштан дамуына байланысты «Инженерлік сызба» пәнінің алатын орны айтпаса да түсінікті. Геометрия субъектінің ой-өрісін дамытуға, оның болашақ өмірінің нұсқалы, конструктивті, өнімді де нәрлі болуына бірден-бір жобасы болатыны бүгінде ешкімге таңсық емес. Оның әмбебап және арнайы графикалық амалдары, технологиясы болашақ мамандықты оқыту үдерісі арқылы меңгеруге

бейімдеуді автоматты жобалауға, оны жүйеге түсіруге, күрделі техниканың нысандарын дайындау іскерлігіне, оның құрылымын құрастыруды кеңінен қолданыс табуына қозғаушы күш.

Педагогика ілімінде педагогикалық шарттарға арнайы тоқталмаса да, бірталай зерттеушілер өздерінің еңбектерінде ол нысанның қолданылу ауқымын зерделегені байқалды. Жоғары оқу орындарына арналған И. П. Подласыйдың 2 томдық 1999 ж., 2000 ж. жарық көрген кітаптарында Коменский, Пестолоцци, Рубенштейн секілді зерттеушілердің педагогика ілімінде төңкеріс жасағанына тоқталып өтеді [1, 2, 3, 4]. Подласыйдың оқулығында дидактикалық шарт ғылыми теорияның сипатын жалпылай сақтау іс-әрекеті тұрғысында қарастырылады. Педагогикалық ақиқат және оны зерттеу бөлімінде Подласый гносеологияға, яғни таным теориясына және стохастикаға тоқталады. Бұл еңбекте зерттеуші «стохастикаға» әлі анықталмаған, бір ғана маңыздылықтан тұрмайтын деген анықтама береді. Сөйтіп, әдіснама негізі ретінде осы екеуін көрсетеді. Мән еңбегімде бұл жүйеге «онтологияны» қосып, үшеуін педагогика ілімінің әдіснамасы ретінде анықтап, дәйекті тұжырымдар жасап, оны педагогикалық шарттың ең бастысы ретінде алдым. Өйткені іс-әрекет үдерісінде теория (әдіснама) басымдықта болмай, тәжірибе «көшбасы» жобалау, мониторинг жүргізу мүмкін емес екені зерттеу барысында аңғарылды. Шарттың өзгерілуінің сапа көрсеткіші ретінде педагогикалық тестілеуді алады. Сөйтіп Подласый студенттердің жинақтаған білімін психометрлік әдістер арқылы тексеруге жаттықтыруды ұсынады. Бұл орайда, оқушылардың өзін-өзі тестілеу іскерлігін ұштай білуіне бағдар жасауды ұсынады. Ал мән іс-әрекетімде тестілеу шарт ретінде емес, тексеру міндетін атқарушы кеткеніне әлі де болсын мән бермей отырмын. Мұнымен бірге Подласый өзін-өзі тексеру де шарт ретінде ұсынады. Мұнда статистикалық, тіркеу, сабаққа қатысу, қашықтықта оқу секілдіні есептеу (ранжировка), рейтинг секілді амандарды ұсынады. Бұл кітаптың тағы да бір жетістігі ол әр оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі педагогикалық шарты ретінде дамуға ұсынылыс беретін ішкі және сыртқы жағдайларды детерминдей алуының технологиясын ұсынуы. Аталған мәселенің шешімін табуда мән оны интериоризация мен ішкі интеллектуалды әлеует тұрғысында қарастырдым.

Оқушыларға сыртқы әлемнің әсерін есептеуді де зерттеуші шарт ретінде қарастырған. Бұны әр оқушы мүмкіндігінің әртүрлі екендігіне бірінші себеп тұрғысында зерделеген. Сонымен бірге ұдайы айтылып жүрген диагностиканы да аталған шарттың бірі дегенді аңғартады. Яғни әр студент өзінің алған білімінің қаншалықты екенін бағамдан отыруына нұсқаулық беріп, оны оқытушы-профессорлар құрамы қадағалап отыруына көңіл бөлген. Педагогикалық үдерістің жүйесінде тағы да бір жағдай туғызу ол қарқындылық (интенсивті) және экстенсивті жолдарын қарастырған. Зерттеуші қарқындылықты ішкі интеллектуалды қор есебінен деп, ал

экстенсивті жаңа құралдар, капиталдық қолдаулар, технологиялар сапасында қарастырады. Подласыйдың кітабында (жаңа курс 2 томдық) студенттерді оқытудың педагогикалық шарттары арнайы қарастырылмағаны байқалды. Бірақ әрбір тарауларында, блоктарында жол-жөнекей бұл мәселе туралы аталған ой-түйіндерді термелеп алуға болады. Бірақ кредитті технология және оқытудың педагогикалық шарттары жоғары оқу орындары жағдайында арнайы тұрғыда зерделенбегені байқалды. Т. А. Стефановскаяның жоғары оқу орнына арналған оқу құралында дамудың басты шарты қарастырылған [5]. Онда ғалым баланың дамуына басты шарт, оның іс-әрекетіне маңыз беру деп есептейді. Әсіресе, оның қоршаған ортаның шындығына белсенді түрде қатысуына педагогтардың назар аударуына көңіл бөледі. Баланың басты қызметі, іс-әрекеті еңбек, ойын деп атап өтеді. Еңбекті оқытудың педагогикалық шарты деп қарастырған автор оның мазмұны іс-әрекеттің, заттың және рухани құндылықтарға қатысты бағдары сапасында зерделенген. Сөйтіп, оның өзі тәң интеллектуалды және жан қуатын өркендету тұрғысында тұлғалық қасиетті дамыту деп қарастырады.

Қорыта айтсақ, оқытудың педагогикалық шарттары жоғары оқу орнының кеңістігінде қарастырылмаған деуге толық дәлел бар.

Жоғары оқу орнында оқытудың педагогикалық шарттарының басымдығы – оқытушы-профессорлар мен студенттердің қарым-қатынасындағы іс-әрекеттің білім стандартына, мемлекет сұранымына сай кәсіби құзыретін өркендетуге қозғаушы күш болуы. ЖОО-нда әр оқытушы-профессор құрамы өзінің кәсіби деңгейіне сүйеніп, мемлекеттік сұранымға мән бермеуі де мүмкін. Ол үшін оқытушы-профессорлар құрамы ішкі интеллектуалды әлуеті мен интериоризациясы құзыреттілік сапаға сай келуі көзделеді. Сондықтан мен «оқыту» мен «дидактика» ұғымдарының екеуі екі түрлі екенін кредитті технологиямен сабақ беру іс-әрекетінде ажыратылу шарттарын анықтап кеткенді жөн көрдім. Дидактика нысаны – оқытудың басты шарты. Себебі іс-әрекетке, білім мазмұнына, мемлекеттік стандарт мүддесіне, мемлекеттің стратегиясы мен тактикасына жүгіне отырып құрылуына мүмкіндік беретін тек дидактика нысаны екенін ескерген жөн. Олай болса, оқытуға мен міндетті түрде дидактика ұғымын қатар алуды орынды деп есептеймін. Бұл орайда студенттің интериоризациясын пән нысанында көз алдарына сол нұсқада келтіру – басты іс-әрекет. Бұл оқыту кредиттік технологиясын жүзеге асырудың, оның жобасын алдын-ала құрудың белді бір шарты екені анықталды. Нәтижесінде студент екі түрлі еңбектің иесі: Біріншісі – оқу еңбегі, ғылыми еңбегі. Оқу еңбегінде студент силлабусты түсініп, оқытушы-профессорлар нұсқаулығын өздігінен орындауды автоматқа айналдырады. Ал ғылыми еңбекте студент негізгі және ішкі білімін қорландыруға, оның әлуеттік сапасын интеллектуалды өлшемге өздігімен сала білуге жаттығады. Сөйтіп, «Инженерлік сызба» пәнін тек сызықтар мен шеңберлердің жиыны

деп қабылдамай, сәулет-құрылыс мамандығына қатысты ой-пікірі тереңдей түседі. Мұнымен бірге ол кредит санын оқытушы-профессорлар талабына (стандарт, типтік бағдарлама шеңберінде) сәйкестендіріп отыруына маңыз беретін дағдыны қалыптастырады. Екінші шартына әр студенттің болмысын ескеру, яғни онтологиялық педагогиканы негізге алу жатады. Былайша айтсақ, әр студенттің табиғи қабілеті мен ойлау – парасаттау шегін деңгейін ескере отырып, стандарт талабында өздігінен жұмыстарды саралап беру ескеріледі. Сол себепті еңбегімізде «онтология», «гносеология», «эмпирикалық парадигма», «алгоритмдік парадигма», «стохастикалық парадигма», «инновация», «технология» және т.б. ұғымдарға қатысты іс-әрекеттер жүйелі оқыту үдерісінде қарастырылды. Үшінші шартына әр студенттің мамандығына орай қажетсіну уәжің қызығушылық қабылдау сезімін оятуды алдық. Бұл орайда біз студенттердің деңгейліктерін ескеру басымдықта зерделенді (қайталаным, эмпирикалық, эвристикалық, ізденісті-зерттеушілік, шығармашылық, креативтік). Студенттердің мамандыққа қатысты кәсіби құзыретін арттыруда алдымен кредиттің сағатын анықтау, оның стандарт шегіндегі мақсат-міндеттерін ұғыну, сиплабус талабын жіктеу, өздігінен жұмыстың характерін айқындау, оқытушы-профессорлардан дәрісті контактiлi және аудиторияда тындаудың ерекшелігін түсіну, қашықтықта өздігінен әрекеттестік, ынтымақтастық (синергетика) қызметке түсу секiлдi мәселелердің шешімін табуға бағдарлау. Өртiншi шартына мамандыққа қатысты пәннің әлеуметтік маңызына мән беру. Оның қоғам сұранымына сәйкесiп келуi. Бір сөзбен айтқанда өтілуге тиісті пәннің заманауи талабын қанағаттандыруға жауап бере алу сипатын анықтау. Стандарттың өзіне сыни көзбен қарау. Егер ондағы ұсынылған білім мазмұны қоғам мүддесінен төмен болса, онда шара қолдану, ұсыныс жасау қажеттілігін ескерген жөн. Бүгінгі түрлі-түрлі проектi жазудың өзі осы қажеттіліктен туған. Бесінші шартына кредитті технологияға қызмет етер деген тиімді білімденудің инновациялық технологияларының интеграциясын сұрыптауды қарастырдық: Модельдеу, модульдеу, проблемалы-зерттеу, блокқа жіктеу, программалық, трансформациялау, қарқындылықпен оқыту, коммуникативтік, ақпараттық, қашықтықта оқыту және т.б. технологиялар зерделенеді. Алтыншы шартына әр студенттің стандарт шегінде жинаған білімінің прагматикалық-практикалық жарамдылығын эксперимент арқылы есептеу жатады. Эксперименттің ақиқатқа жуық болуы үшін біз мониторинг жүйесі мен құрылымын қарастырып, оның рейтингсіз нәтижеге бермейтініне тоқталып өтеміз. Жетінші шартына өтілетін пәннің мазмұнындағы рухани құндылықты мемлекеттің болашақтағы сәулеті мен құрылысына сәтті қолдану, архатипті түрлерді бүгінгі күннің мүддесіне жаңғыртып, жаңаша маңыз беруге бағдар жасау. Еңбегімізде бұл аксеология сапасында зерттеледі.



Қорыта келгенде, ЖОО-нда кредиттік технологиямен оқытудың педагогикалық шарттары қисындық негізде екі негізгі және соңғы мақсатты көздейді – алдын-ала жобалау және оның феноменальді пайдасы (пайдалылықтың сонылығы). Педагогикалық шарттар әрбір оқытушы-профессорлық құрам өздерінің теориялық ұстанымын айқындап отыруларына толық мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: Учебник для студ. пед. вузов: В 2 кн.-М.: Гуманит. изд. центр Владос, 2000.-Кн.1: Общие основы. Процесс обучения.- 576 с.: ил

2 Коменский Я.А. Великая дидактика. // Избранные педагогические сочинения Т-1. – М.: Педагогика, 1982. – С. 242 – 476.

3 Песталоцци И. Избранные педагогические сочинения в 2-х томах // под. ред. Столетова В.Н. – М.: Педагогика, 1981. – 334 с.

4 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: в 2-х томах. – СПб.: Питер Ком, 1999. – 720 с.

5 Стефановская Т.А. Педагогика: наука и искусство. Курс лекций. Учебное пособие для студентов, преподавателей, аспирантов. – Москва, Издательство "Совершенство", 1998.-368 с.

### *Резюме*

*В статье автором предлагается внедрение в ВУЗе модульной технологии обучения.*

### *Resume*

*The article offers the application of module teaching technology under teaching an academic subject.*